



**«Сәкен Сейфуллин атындағы
орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»
КММ
Ақпараттық – библиографиялық бөлім**



Ата Заңым – азат елдің арқа сүйері.

Жаңаарқа ауданы
С.Сейфуллин даңғылы – 25
Біздің электронды почтамыз:
olke.zhanaarka1943@mail.ru
Кітапхана сайты
[www. Zhanlib.kz](http://www.Zhanlib.kz)
Телефондар:

Ақпараттық – Библиографиялық бөлім 5- 22 -76

30 Тамыз - Конституция күні

Жаңаарқа кенті

Кіріспе

Мемлекеттік мереке азаматтарымыздың құқығы мен бостандығының кепілі —ел Ата Заңының 25жылдығына орай конституция бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеу;

Саяси өмірден хабардар , қоғам алдында тұрған мақсаттарды шешуге белсене араласатын жеке тұлғаны қалыптастыра отырып шығармашылық, іздемпаздық дағдысын дамыту;

Қоғамдық өмірде өз орнын дұрыс анықтай алатын, Қазақстанды бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосуға үлес қосатын, бойына тұлғалық асыл қасиеттерді сіңірген патриот азамат тәрбиелеу.

Өркениетті қоғамның өзгермейтін кепілі

- “Конституция”-латын тілінен аударғанда “құрлыс” деген ұғымды білдіреді. Қазақша мағынасы- ел, мемлекет болудың тетігі деген сөз.
- Онда маңызды үш мәселе —мемлекеттік және қоғамдық құрлыс, адамның немесе азаматтың құқықтық мәртебесі және мемлекеттік органдардың қызметтік жүйесі қамтылған.



Конституция тарихынан

- 1787 ж. 17 .09. АҚШ-та алғашқы Конституция қабылданды.
- 1798 ж. Францияда адам және адамзат бостандықтары мен құқықтарының Декларациясы қолданысқа енді.
- 1791 ж. Польшада,
- 1831ж. Болгарияда,
- 1848 ж. Италияда,
- 1866 ж. Румынияда,
- 1868 ж. Люксембургте,
- 1871 ж. Германияда,
- 1874 ж. Швейцарияда,
- 1887ж. Голландияда, 1889 ж. Жапонияда,
- 1911 ж. Португалияда,
- 1946, 1959, 1980, 1992 жылдары түрлі өзгеріс, толықтырулармен Вьетнамда,
- 1949 ж. Венгрияда Конституция қабылданып, оған 1868, 1990 жылдары толықтыруенгізілді.
- 1950 ж, Үндістанда дүние жүзінде көлемі жағынан ең үлкен -456 баптан тұратын Конституция қабылдады.
- 1954,1975, 1978, 1982 жылдары толықтырулармен Қытайда,
- ТМД көлемінде
- 1991 жылы 8.12. Өзбекстанда,
- 1992 ж, 1.05, Түркіменстанда,
- 5,05.ж. Қырғызстанда,
- 1994 ж. Белоруссияда,
- 1995 ж, 5.07, Арменияда,
- 24,08, Грузияда,
- 1211 ж. Әзірбайжанда,
- 1996 ж, 28 06. Украинада жаңа Конституциялар қабылданды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАҒАН КҮН

1995 ЖЫЛ 30 ТАМЫЗ – МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

- РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНҒАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ РЕФЕРЕНДУМ НӘТИЖЕЛЕРІ
РЕСМИ ТҮРДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН КҮННЕН БАСТАП
КҮШНЕ ЕНДІ, СОЛ МЕЗГІЛДЕН БАСТАП БҰРЫНҒЫ
ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ.
- РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА КОНСТИТУЦИЯ
ҚАБЫЛДАНҒАН КҮН МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ –
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ.
(КОНСТИТУЦИЯНЫҢ 90 – БАБЫ)


1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз- еліміздің Конституциясы қабылданып, бұл күн былтырдан бері «Қазақстан Республикасының мерекелері» заңына сәйкес мемлекеттік мерекелер тізіміне енген болатын. Осылайша, Республика Конституциясының күні- барлық Қазақстан халқы мерекелейтін жалпы мемлекеттік мейрамға айналды.

Ата Заңымыздың назар аударатын басты ерекшелігі- бұған дейінгі конституциялар өкілдік органдар арқылы қабылданған болса, 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция халықтың тікелей қатысуымен референдум арқылы қабылданды, осылайша еліміздің халқы өзінің және келер ұрпақтың болашағын айқын белгілеп берді.

Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ең жоғарғы заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы Республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқықтық жүйесінің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді. Ол-ел тәуелсіздігінің, мемлекеттігінің негізгі тірегі, саяси-құқықтық төлқұжаты.

Ата Заңның 1-тармағында «Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы- адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға мүмкіндік береді.

1995 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Ата заң-құқықтарымыз бен бостандығымыздың кепілі

1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз- еліміздің Конституциясы қабылданып, бұл күн былтырдан бері «Қазақстан Республи-касының мерекелері» заңына сәйкес мемлекеттік мерекелер тізіміне енген болатын. Осылайша, Республика Консти-туциясының күні- барлық Қазақстан халқы мерекелейтін жалпы мемлекеттік мейрамға айналды.

Ата Заңымыздың назар аударатын басты ерекшелігі- бұған дейінгі консти-туциялар өкілдік органдар арқылы қабыл-данған болса, 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция халықтың тікелей қатысуымен референдум арқылы қабылданды, осылайша еліміздің халқы өзінің және келер ұрпақтың болашағын айқын белгілеп берді.

Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ең жоғарғы заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы Республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқықтық жүйесінің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді. Ол-ел тәуелсіздігінің, мемлекеттігінің негізгі тірегі, саяси-құқықтық төлқұжаты.

Ата Заңның 1-тармағында «Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы-адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мемлекетіміздің Ата Заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен құқықтық құжат болып табылады. Осы Конституциямен еліміздің мемлекеттік тұғыры нығайды, оның басқару тетігі бір жүйеге келді. Еліміздің бұл негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті. Саяси партиялардың рөлі көтеріліп, адам құқығын қорғау жаңа деңгейде қамтамасыз етілді.

Ата Заңымыздың 2-бөлімі «Адам және азамат» деп аталып, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының табиғи құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылды. Осы ретте Конституциямызбен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына назар аударғым келеді. Әлбетте, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Сондай-ақ, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Конституциямыз паш еткен мемлекетіміздің аса құндылығы-адам өмірі, ол әркімнің табиғи құқығы болып табылады.

Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Бұл сөздерді мен басып айтқым келеді, себебі қазіргі заманымызда адам өмірі

кейбір азаматтар үшін шыбын құрлы болмай жатыр. Адам өміріне қауіп келтіру, адам өлтіру заманымыздан, ұрпағымыздан алыс алыс кетсе екен деп тілеймін. Осы ізгілік қағидасын ұстанған Ата Заңымыз «өлім жазасы тек адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ, соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар» деп бекітті. Конституциямыздың 16-бабы әркімнің жеке басының бостандығына құқын жария етті. Яғни, заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Конституциямыздың 17-бабында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» делінген. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға бол-майды.

Ата Заңымыздың 18-бабы «әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқын» паш етті. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдер мен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге, Ата Заңымыз сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

Ата Заңымыз «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет

қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» деп жария етті. Ата Заңымыз «әркімнің ар-ождан бостандығына құқын» бекітіп берді. Сондай-ақ, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқын жария етті. Ата Заңымыз әркімнің тынығу құқығына кепілдік береді. Әркім еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа құқылы. Сонымен бірге, Ата заңымыз азаматтардың тұрғын үйге құқына кепілдік береді. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету ішін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

Ата Заңымыз сонымен қатар, әркімнің меншік құқына кепілдік береді. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Ата Заңымыз «әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығын жария етті. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады. Сонымен қатар, Ата Заңымыздың 27-бабы «неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп жария етті. Бұл ретте, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу-ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Ал, кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабымен «Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан

айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы. Ата Заңымыз азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Сонымен қатар, Ата Заң Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары мен бостандықтарын, яғни тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге немесе жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығын бекітті. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға және мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

Назар аударатыным, Ата Заңымыз азаматтарына құқықтар мен бостандықтар белгілеумен қатар, бірқатар міндеттер жүктейді. Ең алдымен, әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.


Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге

міндетті. Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасын қорғау-оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға және табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

Ұлтаралық татулықты бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады. Халық өзі қабылдаған заңын құрметтеп, қастерлеуі керек. Заң жақсы жұмыс істеу үшін, оны бұлжытпай орындау күнделікті дағдыға, әдетке айналуы керек. Біздің Ата Заңымыз дүниежүзіндегі ең жас Конституциялардың бірі. Негізгі Заңға құрметпен, құнттылықпен қарау-біздің ортақ парызымыз. Конституция күні-Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық өмірінде мән мен маңыздылығы жағынан ерекше орынға ие, халқымыздың ең жоғарғы дәрежеде атап өтетін басты мерекелерінің бірі. Осы мереке күні барша қазақстандықтарға татулық пен келісім, денсаулық, табыс пен молшылық тілеймін. Ата Заңымыз тарихымыздың мақтанышына айналсын.

КІТАПХАНА ҚОРЫНАН



Шаймерденов Е.Ш.
Государственные символы Республики Казахстан. –
Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 240 с.



Сапарғалиев Ғ.
Қазақстан Республикасының
Конституциялық құқығы: Академиялық
курс. Өңделіп, толықтырылған, 2 –
басылым. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. –
480 бет.



Шаймерденұлы Е.
Елтану әліппесі: Қазақ елінің рәміздері. Оқу
құралы. – Алматы: Рауан, 1998. 160 бет.



Шаймерден Е.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
рәміздері – Государственные символы Республики
Казахстан.
Алматы: «Өлке», 2002, 160 бет.
Кітап қазақ және орыс тілінде.



Қазақстан Республикасының
Конституциясы (фотосуреттерде) –
Алматы: Дидар, 2005. – 364 б. –
қазақ, орыс тілдерінде

ӨЗІМНІҢ АТА ЖҰРТЫМДА ӨЗ ЗАҢЫМ

БИЛІК ҚҰРЫП ТҰР!

Тереңнен созған тамырын, ғасырдан тартқан желісін,
Тарихтан асқан қастерлі ақиқат жоқ-ау мен үшін,
Бабалар жортқан боз дала- аяулы алтын құндағым,
Армандай болған Азаттық- алғашқы ұлы жеңісім.

Едіге жырдың найзасын егесте қанша сынадық,
Айқаста құшсақ ат жалын, намыстан ғана жыладық.

Көк бөрі текті түркінің көзіндей өткір билікті,
Көкенай менен Майқыдан алып қалғанбыз мұра ғып,
Даланың дана заңында қаны бар қайсар қазақтың,
Талқан қып теуіп шыққанбыз темір есігін тозақтың.

Тұлпардың тұяқ дүбірін тыңдашы, дархан дүние,
Сұңқардай зият ғұмырым, Азатпын бүгін, Азатпын!
Ақынға құлақ асыңыз, ақтарып жатпай мұрағат,
Айбынды ата заңымда билерден қалған ұлағат.

Қасиеті мен киесін бір ауыз сөзге сиғызған,
Қазақ боп туған сәтімде –ақ қонған ғой маған сірә, бақ.

Айбынды Ата Заңымда абырой-күшім, ар құсым,
Ұсқыны болып тұр оның ұлтымның ұлы болмысы.

Алтын жіп өрген арқауын бекзада біздің халықтың,
Бергісі мен арғысы, Тәукенің Жеті Жарғысы...

Тамұқта түскен тыртықты тағдырым бүгін ұмыттыр,
Жаураған жүрек болса егер, жылы сөзіңмен жылыт бір.

Өзегі күйген ерлердің өкінішінің өтеуі,
Өзімнің ата жұртымда өз заңым билік құрып тұр.

КОНСТИТУЦИЯ ТУРАЛЫ ГАЗЕТ МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ

Ізбасаров, А. Мемлекеттің болашағын баянды ететін де, тұғырын биіктетін де - заң [Мәтін]: Конституцияға - 20 жыл// Заң газеті.- 2015.- 25 маусым (№92) - 4 б.

Айтбеков, А. Тәуелсіздігімізді айшықтаған ата заң [Мәтін]: 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні// Жаңаарқа.- Атасу, 2013.- 10 тамыз (№42). - 1 б.

Айтжанова, Қ. Ата заңға құрмет [Мәтін]// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2015.- 11 тамыз (№126 - 127). - 1 б.

Аманжол, Қ. Аман бол, бар қазақтың бақыты үшін [Мәтін]: Тәуелсіздікке тарту// Егемен Қазақстан.- Егемен Қазақстан, 2013.- 11 желтоқсан. (№272) - 12 б.

Аманқызы, С. Қадағалау қатаң тәртіп нысаны [Мәтін]: Жыл көтерген жүк қандай// Жаңаарқа.- Атасу.-2012.- 9 ақпан.-8б

Ата заңым - Ардағым [Мәтін] [Мәтін]: Мереке шуағы// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2016.- 1 қыркүйек (№140 - 141). - 2 б.

Әбдіразақов, Ә. Тәуелсіздік негізі [Мәтін]: 30 тамыз -ҚР Конституция күні// Жаңаарқа.- Атасу, 2013.- 17 тамыз 2013ж (№43).-1 бет

Балдуова, Г. Ата Заңым - айбыным ! [Мәтін]: Конституция күні қарсаңында// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2014.- 28 тамыз (№163 - 164). - 2 б.

Жексембінова, Г. Тәуелсіздіктің тірегі [Мәтін]: Таразы// Заң газеті.- 2015.- 26 маусым (№93). - 4 б.

Қайырбеков, Ж. Құдіретім - Ана тілім [Мәтін]: Жасампаздық жолында// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2015.- 12 қараша (№178-188). - 3 б.

Омаров, Х. Әділдіктің тура жолы Ата заң [Текст]// Жаңаарқа.-Атасу,- 2006.- 26 тамыз(№40).-3б

Орынбасарұлы, С. Мемлекеттің мәртебесі- әрбіріміздің мәртебеміз [Мәтін]: Қазақстан Конституциясына// Заң газеті.- 2015.- 4 қыркүйек (№131) - 2 б.

Сәрсекеев, Қ. Замананың Зимановы [Мәтін]: Салық Зиманов - 90// Қазақ.- 2011.- 18-25 ақпан (№7-8). - 7 б.

Сыздық, Б. Қазақ Конституциялары; бесінші, әлде, жетінші республика ... [Мәтін] [Мәтін] [Мәтін]: Қоғам// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2015.- 1 қазан (№ 154-155) - 4 б.

«Ата Заңым - азат елдің арқа сүйері».30 тамыз Конституция күні:Ұсыныс құрал оқырманға ;жетекші А.К.Оралбаева./Құраст Бакышева С.Е. – Жаңаарқа кенті. – 32 б.

